



# ӘКЕ ЕРЛІГІНЕ ТАҒЫМ

**Ерғали Мерзадинов,**

*Академия Ректоры,  
әділет генерал-лейтенанты, заң ғылымдарының кандидаты*



Әр ғасырдың, тіптен әр жылдың өзіндік жақсылығы мен ауыртпалықтары болатыны шындық. Біздің ата-анамыздың өмір сүрген заманы зардабы мен қасіреті мол сұрапыл соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Сол зұлмат күндерді басынан өткерген әр азаматтың санасындағы бір ғана арманы болашаққа бейбіт өмір сыйлау еді. Олар сол армандарына қол жеткізді де. Бірақ Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңістің ақ таңын атқызу жолында еліміздің миллиондаған азаматтары опат болды. Ой жүгіртіп көрсек, оның бүгінгі қуанышынан кешегі қайғысы мен азасы анағұрлым салмақты. Бұл соғыс біздің отбасын да айналып өтпеді. Біздің елдің азаматтары, оның ішінде жақындарымыз да соғысқа аттанып жатты.

Әкем – Серікбай Мерзадинов 1922 жылы бұрынғы Қызылқұм (қазіргі Шардара) ауданының көлеміндегі Сыр бойындағы қалаға жақын Жаушықұм өңірінде «Амантүбек» ауылында дүниеге келген. Ол 19 жасында Жамбыл облысы Байзақ ауданына қарасты қазіргі Тараз қаласынан 60 шақырымдай жерде орналасқан Ақшолақ елді мекенінде алғашқы әскери даярлықтан өтіп, Сталинград түбіндегі соғыс майданына түскен.

Әкеміздің замандасы Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі М.Айдарбековтің өңірлік газетке жазған естелігінде елден соғысқа аттанғандар жайлы, оның ішінде әкемнің де болғаны туралы: «Мен Серікбай ағамызбен 1933 жылдан бастап, 1940 жылға дейін ауыл мектебінде 7 жылдай бір мектепте, бір сыныпта, бір партада екеуіміз бірге отырдық, озат оқушы болатын, математика сабағында жүйрік еді, көпшілік-қоғамдық ұйымдардың белсенді мүшесі, тирдегі мылтық атудан өте мерген болатын. Енді жұмыс істей бастаған шағында соғыс басталды да, 1941 жылы желтоқсан айында біздің «Ленин жолы» колхозынан сабаудай 11 жігіт, аудан бойынша 76 жігіттерді жылап-сықтап Отанды қорғауға шығарып салдық», деп баяндалады.

Соғысты көзбен көріп, оның шынайы сұрапыл сәттерін басынан өткерген майдангер үшін фильмдегі оқиға мен оны баяндаудағы ауырлықты сезіну, әрине қиын. Осыдан болар әкем соғыс жылдарындағы оқиғаларды естелік ретінде еске алып баяндауды ұнатпайтын. Тіптен сол кездері теледидардан жиі көрсетілетін сұрапыл соғыс жылдарындағы ерлікті, тұрмыс-тіршілікті баяндайтын көркем фильмдерді де көрмейтін. Ауыр күрсініп сыртқа шығып кететін. Әкемнің бала-шағасына сондай зұлматты айтып, жүректеріне жара салғысы келмегенін кеш түсіндік.

9 мамырда бала-шағамызбен жан-жақтан қара шаңыраққа жиналып, әкемізді құттықтап үлкен бас қосулар өткізетінбіз. Бұл біздің отбасылық дәстүріміз еді. Сондай кездесулерде әкеміз біздің көңіл-күйімізге қарап, 9 мамыр тақырыбындағы бас қосудың нышаны ретінде еске түсіруге қиын болса да, оқтын-оқтын соғыс жылдарындағы естеліктерді айтатын.

Бүгінгі мақала әкем жайлы болғандықтан оның өмір жолының кейбір сәттерін және есімде қалған соғыс жылдарындағы әкем айтқан естеліктерімен бөлісуді жөн санадым.

Бірде елден Алматыға барар жолда әкем жолды бұрып, әскери өмірінің мектебі болған Ақшолақ



жеріне тоқтауымды сұрады. Жеңіл көлігімді солай қарай бұрдым. Осы сапарда әкем алғашқы әскери даярлықтан өткен сәттерін, одан майдандағы сұрапыл соғысты есіне түсіріп еді. «Алғашында бізді атты әскер полкінде дайындады. Кейіннен осы саладағы әскерилерді түгелдей автоматтандырылған қару-жарақ өнеріне бейімдей бастады. Бізге «Соғыс құралы» аталатын әртүрлі калибрлі зеңбірек, зенит, миномет, пулемет сияқты қарулардың қолданысын үйреткен болатын. Мені механикаландырылған атқыштар полкінің барлаушы зеңбірекшілер-батареясының командирлігіне тағайындады.

Содан біздер Сталинград шайқасында соғысып жатқан қазақстандық 73-гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамына қосылып, бірден соғыс алаңына кіріп кеттік. Сталинград түбіндегі соғыс өте ауыр және сұрапыл болды. Таңертең келіп түскен бір эшелон адамның басым көпшілігі майданнан оралмайтын. Күні бойы тоқтаусыз оңды-солды бораған оқтың салдарынан соғыс алаңында есеңгіреген жауынгердің елесі мен жер құшқан қыршын жастың қанға оранған сүйектерінен жер басып жүру мүмкін болмайтын».

Осындай сұрапыл күндерді еске алу оны баяндау сол кездегі барлық жауынгер үшін ауыр болды. Бірақ біздің соғыс туралы білгіміз, сұрағымыз келіп тұратынымызды көзімізден танып, ауыр болса да баяндайтын еді. Дегенмен, сол естеліктер бүгінгі күні әкелеріміздің ерлігін паш етер шынайы тарихи оқиғалар. Осындай естеліктер бүгінгі күні әрбір шаңырақта айтылуы керек деп ойлаймын.

Сталинград, Курск шайқасында және басқа да майдандарда қазақстандық құрамалар мен бөлімдер болды. Балтық бойы республикаларын, Украина мен Белоруссияны, Шығыс Еуропаны азат етуге және Берлин операциясын жүзеге асыруға қазақстандық жауынгерлердің қатысқандығы тарихтан белгілі. Әкем Фашистік Германиядан қаншама еуропалық елдерді азат ету қозғалысына қатысты. Сол жеңіс жолының картасын мақаламда қоса беріп отырмын.



Осы картаға қарап-ақ, қызыл бояумен сызылған қанды жолдың азабын арқалаған әкемнің омырауындағы жиырмадан астам наградасының құнының қаншалықты бағалы екендігін түсінетіндеймін.

Олардың ішінде: «Қызыл Жұлдыз», «II дәрежелі Отан соғысы», «Даңқ» ордендері, «Ерлігі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «Праганы азат ету үшін», «Беларусты азат ету үшін», «Берлинді алғаны үшін» медалдар және т.б. бар.

Әкемнен қалған әскери шекпен мен әскери құты менің бүгінгі ұрпағым үшін әкеден қалған баға жетпес жәдігер. Аталарының ерлігін естерінде мәңгі сақтасын деп, үйімнің төрінен әке ерлігіне арналған естелік бұрышын жасадым. Оған әкемнің соғыстағы ерлігі үшін алған бағалы құжаттарын, ескірген суреттерін, жауынгерлік ерліктері үшін алған командирдің алғыс хаттарын, марапаттардың куәліктерін салып қойдым. Мына сурет сол жәдігерлердің бірі.



Әкем 1947 жылы елге аман-есен оралды. Елге оралғаннан кейін әкем өзі туып өскен өңірдің экономикасын бейбіт өмірге қайта бейімдеу, ауыл ша-



руашылығын қалпына келтіру іс-шараларына белсене араласып кетті. Соғыс жылдары тұралап қалған ауыл шаруашылығын қалпына келтіруде әкеміздің атқарған еңбегі елге аян. Сол кездері Мырзашөл өңірінде жаңадан құрылған совхоздардың ішінде әкем іргетасын қалаған бұрынғы Киров (қазіргі Мақтарал) ауданына қарасты Киров атындағы жүзім совхозы да болды.



Осы совхоздың құрылуынан бастап, оның жекеленуіне дейінгі аралықта 58 жылдай партия және жұмысшылар комитетінің хатшысы, совхоз директорының орынбасары т.б. басшылық қызметтерін абыроймен атқарды.

Совхоз сол кездегі жоспарланған игі бастамалардың алдыңғы шебінде болып, ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосқан алдыңғы қатарлы совхоз ретінде КСРО-ның құрмет дипломдарымен бірнеше мәрте марапатталды.

Әсіресе, әкемнің басшылығымен Шардара өңіріне егілген сексеуілдердің жайқалып өскенін көзімізбен көрдік.

Өкініштісі, кезінде әкем екен сексеуілдің бейбіт заманда от алып, отқа кеткендігі қынжылтады.

Сол жылдары анамыз Абсалиева Палзинамен отау құрып, отбасында бес баланы тәрбиелеп жеткізді.



Ол ұл-қыздарынан тараған ұрпақ түрлі кәсіппен мамандық иелері. Әпкем Күлімше мен үлкен ағам Сталбек 35 жылдан астам еңбек өтілдері бар дәрігерлер болған. Жанасбек Алматыда кәсіпкер, одан кейінгі мен Қазақстан Республикасы Құқық қорғау органдарында басшылық қызметтерді атқарып жүрмін. Ата-анамыздың кенже баласы Бердіғали қарашаңырақта тұрып жатыр.

Ол көзі тірісінде ағайын-туыс, дос-жаранға өте қайырымдылықпен қарайтын ел ақсақалы ретінде құрмет, беделге ие болды.

Әкеміз 2000 жылы Ұлы жеңістің 55 жылдық мерейлі тойында болып, араға он сегіз күн салып, 27 мамыр күні дүниеден өтті. 2001 жылдан бері әке-анамыздың есімдерін мәңгі есте сақтау мақсатында елде ұйымдастырылып жатқан түрлі іс-шаралар шеңберінде футболдан республикалық деңгейде жарыстар ұйымдастырып жүрміз. Бұл біздің әулеттің бүгінгі отбасылық дәстүріне айналды. Биылғы жылы осы іс-шаралардың мерейлі 20 жылдығын атап өту жоспарланып еді, елдегі бүгінгі жағдайларға байланысты кейінге қалдырылып отыр.

Бүгінде әкеміздің аты ауылымыздың бір көшесіне Серікбай Мерзадинов есімі берілді. Тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды. Бейбіт күнге жеткізген осы ардақты азаматтардан тараған біздің бүгінгі үлкен әулет оны мәңгі есінде сақтайды және оның ерлігін мақтанышпен еске алады.

